

Самиева Ш.С.

СТУДЕНТТІК КЕЗЕНДЕГІ МОТИВАЦИЯЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Самиева Ш.С.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ В СТУДЕНЧЕСКИЙ ПЕРИОД

Біз сауаттылықты меңгеруді бастағаннан бері түрлі жазу мәтіндерін қолдана бастадық. "Текст" (мәтін) сөзінің мәні түсінікті, "текст" және "текстиль" сөзінің түбірі бір, латын сөзінен "textum" - тоқылған деген мағынаны береді. Яғни мәтіннің ішкі ұйымдасуы бар, ол бір мағынамен байланысқан бірнеше сөзден құралған. Бұл белгілер қатары, кең мағынада мәтінді семиотикалық ұйымдасқан белгілер дәйектілігі деп атауға болады. Д.Н.Ушаковтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде: мәтін - жазуда немесе есте қалған, жазылған немесе бір адамның айтылған сөзін сол қалпында қайта жаңғырту. Бұл анықтамалар мәтіннің түп негізін бір - бірімен белгілі бір мағына бойынша байланысқан түрлі ақпаратты көздейтін, бірнеше бөлшектерден тұратын, есте сақтау және ой қорыту қасиеттері бар белгілер қатары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мәтін - лингвистикалық және психологиялық категория. Оның берілген қасиеттері оны қабылдау психологиясына тәуелді. Мәтіндер: көркем, діни, ғылыми, оқу, нормативті, жарнамалық т.б. түрлері бар. Әр біреуінің өз оқырманы болады және әр түрлі қабылданады. Мәтін эмоционалды, нақты болуы мүмкін. Бір жағдайда мазмұны, екінші жағдайда оның мәні, ақпараты негізі ретінде саналады. Мысалы, көркем мәтіндерде, әсіресе поэзияда ақпараттылық екінші орынға шығады, ал біріншіге оқырманның немесе тыңдаушының жауап қайтаруына бағытталған эмоционалды бейнелік жағдайы шығады. Нормативті мәтіндерде етістік формасының жақсыз немесе анықталмаған түрлері көп кездеседі (керек, керек емес, болады, болмайды), ал ең негізгі - әрекеттердің нақтылық мәні. Олардың құрылымы толық, қысқа, нақты болып табылады. Ғылыми - танымалы мәтінде ақпараттылық пен қызығушылық сәйкес келеді. Ол мәтінде көрсетілген ақпараттың ортақ мәні бар, ол оқырманда қызығушылықты тудырту қажет. Ғылыми мәтін кәсіби біліктілікті, берілген ғылым салаларының үкіліне бағытталған. Бұндай мәтінде көптеген терминдер, формулалар кездеседі, оған ғылыми стиль тән. Ең негізгісі - көбінесе сапалық, жаңа ғылыми ақпараттық болады. Ғылыми мәтіннің оқыту функциясы жоқ сондықтан онда авторлық стильді ерекшеліктер айқын көрінеді. Бұндай мәтінді қабылдау күрделі болады, бірақ бұл оның ғылыми құндылығын төмендетпейді, бірақ оның сәтсіздігіне әкеледі. Мәтіннің лингвистикалық параметрлері көрсетіледі және оған ғылыми зерттеулердің сол қасиеттері тән: логика, дәлелдеу, эмоционалдылық және т.б. Мәтіннің сапасын бағалау критерилеріне тілдің дәлдігі мен нақтылығы кіреді. Мәтіннің

стильдік параметрлер ақпаратты ұйымдастыру мен берудің қосалқы құралдары болып табылады. Мәтінге өз иерархиясы бар құрылымдық қасиеттер тән. Ең алдымен мәтіннің дескриптивті құрылымы бар, ол белгілі бір фактілерді, құбылыстарды, түсініктерді, қасиеттерді, әрекеттерді және т.б. суреттеу үшін қолданылады, яғни әр мәтін бір затты суреттегенде бізге белгілі бір ақпарат береді және бір-бірімен байланысты. Сонымен мәтіннің оның қасиеттеріне дескриптивтілігі - бейнелеу құрылымын; ақпараттылығы - ақпараттық құрылым - логикалық құрылым. Бұл құрылымдар мәтінде суреттеулікпен бекітіледі. Вербалды суреттеу көркем әдебиетке тән (кейіпкерлердің портреттері т.б.), сол қалпында көркем суреттеу (кітап суреттеу) ғылыми - оқыту мәтінге тән (суреттеу, сызбалар, графиктер). Әр мәтіннің контекстті болады, яғни мәтіндік қоршау. Мәтін контекстінде ой қорытындыланады. Мәтіннің тағы бір лингвистикалық мінездемесі - подтекст, яғни мәтіннің екіншілік жасырын мағынасы. Бірақ бұл мінездеме әдеби мәтінге тән. Мәтіннің екіншілік жасырын мағынасы мысалдарда бар, ол әр уақытта әлеуметтік - тарихи контекстте ашық түрде айтуға келмейтін құрал. Сонымен қатар мәтіннің екіншілік жасырын мағынасы - терең ойлануға итермелейтін ақпарат, оқырманды мәтінде терең ой қорытындылау құралы болып табылады. Мәтінде екі мәтіннің екіншілік жасырын мағынасы болуы мүмкін. Ғылыми және оқыту - ғылыми мәтіндерде мәтіннің екіншілік жасырын мағынасы болмайды. Мәтіннің құрылымында ақпараттық бірліктер бар. Оқырман үшін біз мәтіннің негізгі мазмұнын ашып, мәтіннің құрылымын келесігіндей көрсетуге болады:

- айтылатын зат жөнінде жаңа түсінікті қалыптастыратын мәтіннің негізі ойы;
- мәтінде көрсетілген негізгі жағдайларды айқындайтын мәтіннің негізгі тақырыптары;
- мәтіннің негізгі жағдайларын түсіндіретін және бейнелейтін мәтіннің негізгі фактілері;
- мәтіннің бөлшектері мен нақтылығы.

Келтірілген ой қорытындыларының 4 деңгейі мәтіндік ақпаратты қабылдаудың иерархиялық логико - рефлексі деңгейлерді көрсетеді. Алдымен ортақ мәні, ал кейін бөлшектері қарастырылады. Білімдер мен іскерліктер қалыптасу кезінде рефлексия үрдісі кері жолмен өтуі мүмкін - қарапайымнан күрделіге қарай және сонымен қатар түрлі деңгейлер мен бағыттарда орындалады, жүйелік білімдер қалыптасады. Мәтінмен жұмыс педагогикалық шеберліктің ажырамас бөлігі. Мәтінде бағдарлау дағдыларын қалыптастыру үшін келесі оқу - жаттығу

әрекеттері ұсынылады:

- жеке мәтіндік бөлшектер ақпаратын қысу;
- негізгі теориялық жағдайларды ерекшелеу;
- маңызды емес, фондық ақпаратты алып тастау;
- мәтіннің негізгі идеясын анықтау;
- берілген мазмұнды өздігімен

интерпретациялау;

- аннотация, реферат, конспект жасау.

Мәтіннің құрылымы жөніндегі ақпарат полиграфиялық құралдармен жіберіледі: абзац, интервал, шрифт. Компьютер бұл мүмкіндіктерді кеңейтеді. Бұл қарапайым білімдер лингвистикалық заңдылықтарға негізделген мәтіндердің реструктивтеу дағдыларын қалыптастырады. Әр мәтін мәдениеттану функциясын атқарады. Ақпаратты қабылдау кезінде адамның дүние танымы, жалпы эрудициясы, ойлау мәдениеті кеңейеді, ассоциативті ойлауы қалыптасады, рефлексия деңгейі жоғарлайды. Мәтіннің келтірілген функциялар мен қасиеттерінің интеграциясы ақпаратты қодануға, оны өз қалауымен нақты мақсаттарға байланысты ұйымдастыруға көмектеседі. Студенттердің көпшілігі оқу әрекетін ойластыру үшін тиімді әдісті іздестіреді. Осы саладағы нәтиже мынаған байланысты: 1) интеллект; 2) өзіндік анализ; 3) жігерден; Осылардың біреуінің болмауы өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерге әкеліп, соның салдарынан сабақ тұрақтылығының төмендеуі, емтиханға толық емес дайындалу болып келеді.

Интеллектуалды дамыған студент жеңіл оқу материалын тез меңгеріп, ал ортата деңгейлі студентке есептелген материалды меңгеру үшін қабылдауды ойластыруды қажетсінебейді. Шабуыл, тәуекел, материалды меңгермеу – бұл стиль және ол мектепте қалыптасады. Мұндай студенттердің потенциалдық мүмкіндігі ашылмай қалады, әсіресе жігерлерінің, жауапкершіліктің, мақсатқа жетудің дамуының нашарлығы байқалады.

Осыған байланысты дифференциалды оқыту керек, әсіресе жоғары оқу орнында. «Әрқайсысына мүмкіндігі бойынша» принципі әлсіздерге талаптың төмендеуі емес, ал студент мүмкіндіктеріне талап жоғарлауы деп түсіну керек. Тек осындай оқу барысында әр тұлғаның интеллектуалды және жігерлік қасиеттері дамып, гармониялық дамуы мүмкін. Оқу жұмысымен жиірек айналысатын студенттер өзін бағалау кезінде жігерлігі басым болса, ал сирегірек айналысатындар өздерінің интеллектуалды қабілеттерін алғ қойады. Оқу әрекетінің тұрақтылығы бойынша студенттерді екі топқа бөлуге болады: жоғары және төмен. Орта интеллектуалды деңгейлі студент үнемі жүйелі түрде оқумен айналысу жоғары үлгерімдікті қамтамасыз етеді. Өзін-өзі ұйымдастырудың жоқтығы, жоғары интеллекттің болғанның өзінде оқу материалын қабылдауға кедергі жасайды. Соған байланысты оқу әрекетінің жүйелілігінің жоқтығы студенттердің шектеуіне жол ашады. С

Студенттердің эмоциялық күйі, жігерінің даму деңгейі психосоциотиптің ерекшеліктері оқу стиліне және оқу үлгерімдігіне бір курстағы студенттермен және оқытушылармен қарым-қатынасына әсер етеді.

Оқу процесін оптимизациялау кезінде психология және педагогика тұрғысынан әртүрлі жақтарынан қарастыруға болады, олар: оқу әдістерін жетілдіру, оқу пәндері мен кітаптардың құрылымын өзгерту, деканаттардың жұмысын жетілдіру, оқу орындарында психологиялық қызметтерді ашу, оқу процесін индивидуалдау және т.б. Барлық әрекеттегі орталық жүйе – студент тұлғасы. Студент тұлғасының ерекшеліктерін – қабілеттерін, жалпы интеллектуалды даму деңгейі, қызуғышылықтары, мотивтері, мінез-қылықтары, темпераменті, жұмыс қабілеті және т.б. білу жоғары мектептегі шынайы мүмкіндіктерді табуға мүмкіндік береді.

Әр адам туралы мәліметтердің жиынын психиография арқылы алады. Психиография бұл әр адамды танудың әдісі, әр деңгейлі сипаттарды жинақтап, сонымен қатар олардың құрылымдық және генетикалық байланыстары. Студенттік кезендік мотивациялардың әлеуметтік психологиялық ерекшеліктері бұл жас ерекшелігіне жас адамның білімге деген қатынастары ғана емес сонымен қатар басқа мүмкіндіктер, рөлдер, тартылыстар қалыптасады. Жас ерекшелігі бойынша студенттік шақта өзіндік сана және ішкі әлем өзгереді. Жағдайлық себептермен қатар, тікелей әрекетке итермелейтін жағдаймен қоса студенттің болашаққа деген талпынысы маңызға ие. Тұлғаның қызуғышылығының бағытталуындағы маңызды элемент ретінде әртүрлі мазмұнды пәндер, спорт, музыка, техника және т.б. айтуға болады. Олар әрекетке өздерінің беріктілігі мен әсер ету кендігімен ерекшеленеді. Студенттің болашақ мамандыққа деген тұрақты қызуғышылық, оның белсендігін, шығармашылығын, жоғарлатып, мамандықты тез және жақсы меңгеруге итермелейді. Терең және тұрақты қызуғышылықтың пайда болуы әртүрлі пәндердің оқуын, тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Танымдық қызуғышылықтар дамуыда мүмкін, әлсіздеуде мүмкін. Қызуғышылықтың әлсіреуіне үлкен қиындықтардың пайда болуы, оқу әдістерінің жеткіліксіздіктері, оқудың ұйымдастаруы себеп болуы мүмкін.

Студенттің іс-әрекетінің дамуында дүниетанымның маңызы бар – қоршаған ортаға деген көзқарас. Ақиқатты, әртүрлі оқиға мен фактілерді бағалауда, адамның қоғамдық іс-әректінде, оның жігеріне, сезіміне әсер етуімен сипатталады.

Студент іс-әректі мен мінез-қылығының ерекшелігіне темперамент әсер етеді. Темперамент тек сезімнің пайда болуы немесе көңіл аудару жылдамдығына ғана емес, сонымен қатар психикалық процес және мінездің көрінуіне, студенттің сабақтағы тәртібіне, қиын жағдайлардағы реакциясына, сұрақтарға, тапсырмаларға жауап, бағалауына әсер етеді.

Әртүрлі іс-әрекеттің нәтижесі мен өрбуіне темперамент әсер етеді. Студенттік іс-әрекет кезінде мінезі қалыптасып, салыстырмалы түрде тұрақты психикалық қалып пайда болады. Бұндай сапалардың жиынтығы іс-әрекетке әсер етеді. Студенттің мінезі тұтастай құрым болып келеді, оның өзі қылықтар жиынтығынан тұрып оларды

топтарды бөлуге болады. Біріншіден, интеллектуалды қасиеттер – байқағыштық, ойлағыштық, ақылдылық; екіншіден, эмоциялық қасиеттер - өзіне сенгіштік, шаттық, сергек; үшіншіден, қайраттандыратын қасиеттер- мақсатқа жеткіштік, ынталылық, шыдамдылық, батылдық, ерлік және т.б. төртіншіден, адамгершілік қасиеттер – борыштылық, адалдық, дұрыстылық және т.б. Мінездер әлсіз және күшті, тұйықталған және эгоистикалық, мақсатты және қарама-қайшы болып бөлінеді. Студенттің мінезін ашатын құбылыс – бұл қылықтары мен істері, әсіресе ұжымдағы әрекет, үлгерімдік және қоғамдық жұмыстар. Әрекет жасау кезінде себептеріне байланысты және студенттің қоршаған ортаға деген ортақ қатынасынан мінезі қалыптасады.

Студенттің іс-әрекеті кезінде оның қабілеттері айқын көрінеді, яғни олардың жоғары оқу орнының оқу бағдарламасын меңгеретін, тиімді жетілу сияқты ерекшеліктер. Қабілеттер құрамында ықыластық, байқағыштық, ойлау қабілетінің ерекшелігі, жады және т.б. жатады. Студенттердің қабілеті дамиды көңілімен, жадысымен, шығармалық ойлаумен, ойлаумен және басқа психикалық процестердің дамуымен және тұлғаның қасиетімен бірге, сонымен қатар жетіспейтін қасиеттердің орын толтырумен. Психикалық процестердің көрісін бекітудің негізінен, іс-әрекет себептерінен және адамның әрекетінің ерекшеліктерінің қасиеттерімен қабілеттері құралады.

Студенттің үлгерімдігіне студенттің дене тұрқы әсер етіп және соған сәйкес организмнің реактивтілігі және жүйке жүйесінің типі сәйкес. Пикниктердің реактивтілігі жоғары, күштерін тез жұмсайды және сондықтан басында қиын жұмыстан бастап, бара-бара жеңілдету керек. Олар өткен материалдың қайталауын талап етеді, себебі ұзақ мерзімдік жады нашар. Оларды ең біріншілердің қатарында сұрап, өйткені олардың реактивтілігі салдарынан уақыт өте жұмыстық тонусын жоғалтады. Ал астениктерде мүлде басқа жағдай. Олардың реактивтілігі жұмыстың қиындығының жоғарлауымен сипатталып, қайталаудың қажеттігі сирек. Емтихан кезінде оларды сонғылардың қатарында сұрауға болады, себебі олардың жұмыс тонусы сақталып; олардың организмі, жүйке жүйесі шыдамдырақ. Оқыту кезіндегі үзіліс сирегірек болуы мүмкін, бірақ жұмыс істеу қабілеті төмендемейді. Тұлғаның қасиеттері және процестері қайта қалыптасады, өмірді эмоционалды еріктік ағымы өзгереді. Жас өспірім ересек кезеңге дейінгі өмір жасы (жастық шекарлары 15-16 жастан 21-25 жасқа дейін). Бұл кезеңде адам сенімсіздігін жеңіп ересектікке аяқ басады.

Жас өспірімдік кезеңде адамның өмірлік құндылықтардың таңдау мәселесі пайда болады. Жас өспірім өзіне деген ішкі позицияны (мен кіммін, мен қандай болуым керек), басқа адамдарға қатынасын және моральды құндылықтарды қалыптастыруға ұмтылады. Осы кезеңде жақсы және жаман категориялары да саналы түрде өз орнын аықтайды. «Ар», «Намыс», «құлық», «міндет» және т.б. тұлғаны сипаттайтын категориялар жас өспірімді алаңдатады. Жас өспірім жақсылық және жамандық ұғымдарын

кеңейтіп, өзінің ақыл-ойы және жан дүниесімен ғажап- мейірім, зұлымдық ұғып сезінеді. Жас өспірім өмірде өз орынын табуға тырысып интеллектуалды жағынан бұған дайын бола тұра, әлі де болсақ өз жақындарының ортасында шынайы және рухани әлемде өмірлік тәжірибесі аздық етеді. Бұған қоса осы кезеңде басқа жынысқа деген ұмтылыс оянады

Жас өспірімдік шақ басқа сезімдерді басып тұратын басқа адамдарға деген құмарлығы оянатын өмірлік кезең. Жас өспірімдік шақтағы адам өзі өзінің досына, құрбы қызына, бүкіл адамзатқа егізделген өзінің рефлексивті жаттығуларын бағалайды. Бұл кезеңде алғашқы махаббат сезімін бастан кешеді. Әрбір адамда бұл сезім индивидуалды болады. Біреулер терең сезімді бастан кешсе, келесілер жоғары эмоцияны сезеді.

Жас өспірімдік шақтың аяғында ғана адам қорғаушы механизмдерді игереді. Бұл оны сыртқы және ішкі араласудан қорғайды. Рефлексия басқанның әрекет қылығын табуға. Қарама-қарсы әрекеттерді дайындауға ыңғайлы позицияны ұстауға көмектеседі.

Осы өмір шағында адам өзінің қабілеттеріне байланысты қай еңбек саласында шынайланатынын түсінеді. Адамдар ортасында өз орныны өз іс-әрекеттерін өзіндік өмірлік бейнесін жоспарлайды. Осы шақта адамның тұлғалық қасиеттері қалыптасып, оның әлеуметтік маңызды қасиеттерін игеріп, адамдармен адамгершілік қарым-қатынасқа түседі. Өз-өзіне және табиғатқа қоғамдағы әрекет қылықтық ережелерге рөлдерге қатынасы тұрақталады. Бұл кезеңнің ең маңызды өзінтанудың дамуы, яғни өзіне қатысты ұстаным пайда болады. Оның құрамына танымдыу элемент (өзінің «менің» ашу), ұғым элементі (индивидуалдылығы, қасиеттері туралы көзқарастар) және бағалау – еріктік элемент (өзін сыйлау, өзін бағалау). Өмір мәні - ерте жас өспірімдік шақтың маңызды құрлымы. И.Кон пікірі бойынша өмір мәнінің мәселесі бұл кезеңге тән болашақ перспективаның ескере отырып өзекті болып келеді. Сонымен қатар өмірлік жоспардың қалыптасуы байқалады, оның егізінде өзінің өмірін саналы жоспалау мен оның мәнін іздеу құбылысы көрініс табады. Идентификация – өзінің спецификасына ие: жас өспірім бала «ыстықта, суықта бола алады». Ол адамдармен, жануарлармен және табиғатпен қарым-қатынас жасауда байқалады. Махаббат – жоғары деңгейлі идентификация. Жек көру – жоғары деңгейлі жаттану. Адам тек жас өспірімдік шақта ғана бұндай амбивалентті күйде болады. Соңғы жылдары мұғалімдер, психологтар, ата-аналар, кітапхана мамандары жастардың кітапқа деген назарлары төмен, мүлдем қолдарына кітап алмайды, алған күннің өзінде мамандықтарына байланысты немесе күдікті әдеби-шығармалар болып келеді деп атайды. Социологтардың зерттеулері бойынша соңғы жылдары елдегі оқуға деген ниет төмендеді, соңғы жылдары газет-журнал тарихы төмендеп, оларға жазылу төмендеген. Қазақстан Республикасының Ұлттық-академиялық кітапханасы және «Сандж» зерттеу орталығы зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу міндеті- Қазақстандағы оқу мәдениетін анықтау: оқырман қажеттілігін анықтау

және қазіргі оқырман мотивациясын айқындау; бала оқуын талдау; қазақстандағы кітапхана жұмысының актуальділігін анықтау болып бекітілді. Қазақстанның 9 аймағы (ауыл және қала) бойынша сауалнама әдісі жүргізілген. Қорытынды көрсеткіш бойынша оқырмандардың: 98% 10-14 жас; 97% 20-24 жас; 92% 59 жас. Кітап оқуға оқырман 53%-ы аптасына 3 сағат, 37%-ы аптасына 10 сағат, 10% -ы аптасына 10 сағат, яғни күніне 2,5 сағат, бұл оқырманға тиімді емес, оқудың төмен көрсеткіші екендігі анықталды. Кітапты қайдан аласындар деген сұраққа: кітап алу, иелену, достар, таныстар арқылы 43,6%; кітапханадан 43,5%; кітап дүкенінен 39% деп жауап берді. Қалалық жерде кітаптың 51% кітап дүкенінен алады, 49% достарынан алады. Ауылды жерде 51%-ы достары мен таныстарынан; 32%-ы кітап дүкенінен; 57%-ы кітапханадан алатындығын атап көрсетті. Оқырмандардың бір айда жұмсалатын қаржы максималды 1652-18.000 теңге, минималды 30 теңге, DVD және CD арқылы алынатын кітапқа 2.067-1146 т жұмсалады. Журнал оқушылар 79%-ы 3 сағат, бизнеспен айналысушылар 92%-ы қаржы мекемелерінде 88%-ы алатындығын атады. Оқу мақсаты: 57% жауабы «Өзіндік білім алу»; 56%-ы бос уақытты өткізу деп көрсетті.

Оқу-танымдық іс-әрекеті кезінде студенттерді оқу мотивациясы тұрасында мәселе туындайды. Бұл «білім алушы – білім беруші» жүйесінде анықталады. Яғни студент тек басқару объектісі ретінде ғана емес, оліс-әрекет субъектісі болып табылады. әлеуметтік-психологиялық зерттеулер бойынша оқу іс-әрекетінің мотивациясы біртекті

емес, ол түрлі факторларға тәуелді: студенттің индивидуалды ерекшелігі, жақын референтті топтың мінездемесі, студенттік ұғымның даму деңгейі және т.б. Студенттер ұжымын қалыптастыруда оның жекелеген мүшелерінің өзін-өзі тәрбиелеуі маңызды. Өзін-өзі тәрбиелеу – студенттердің белгілі бір нақты мақсат көздеген саналы әрекетінің нәтижесі. Ол үшін студентте міндетті түрде қоғамдық - әлеуметтік мотив болуы керек. Өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстары барысында студенттердің театрға, киноға, мұражай және көрмелерге барып тұрулары мен оның нәтижесін ұжым болып талқылауға салуды дәстүрге айналдырудың да маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Фридман Л.М. Педагогической опыт глазами психолога М. 1987 9 бет
2. Выбор методов обучения в средней школе под. Ред. Ю.И. Бабанского 3-32 бет
3. Содержания образования, сущность, структура, перспективы. В.С. Леднев 50 бет
4. И.Ф. Демидова «Педагогическая психология» Ростов на Дону Феникс 2003 ж. 65 бет
5. О.Н. Истратова, Т.В. Эжанусто «Справочник психолога средней школы» Ростов на Дону 2003 ж. 320 бет
6. Рогов «Настольная книга школьного психолога» I кітап 101 бет
7. Дьяченко И.И. «Оптимизация управления учебным познанием» М 1970 ж.
8. Р.К.Рахимбеков «Читающий Казахстан» Психология. Социология. Политология. №8-9 (28-29)2007.